

1992 жылы туған азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктiне тiркеу туралы

Атырау облысының Қызылқоға ауданы Қызылқоға ауданы әкімінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 35 шешімі. Әділет департаменті Қызылқоға ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қаңтарда N 4-5-103 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" [Заңының 33](#) бабының 1 тармағының 13 тармақшасына с ә й к е с

Ш Е Ш Е М І Н :

1. 1992 жылы туған азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктiне тiркеу 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында өткізілсін.

2. 1992 жылы туған азаматтарды әскери есепке тiркеу үшін N 1 қосымшаға сәйкес т i р к е у к о м и с с и я с ы құрылсын.

3. Аудандық емханаға (С. Тайшыбай - келісім бойынша) аудандық медициналық комиссияны жергілікті емдеу мекемелеріндегі тиісті дайындығы, тәжірибесі бар дәрігерлермен, сондай-ақ, шақыру участкелерін қажетті дәрі-дәрмекпен, құралдармен және медициналық мүлікпен қамтамасыз етуді бақылауға алып, тіркеу комиссиясының құрамындағы медициналық комиссияны дәрігерлермен және медбибілермен қамтамасыз ету ұсынылсын (N 2 қосымша).

4. Барлық селолық, ауылдық округтер әкімдері мен мектеп директорларына тіркелуші азаматтарды қажетті құралдармен, құжаттарын түгендеп, әскери есеп жөніндегі мамандары мен мектеп бойынша бастапқы әскери дайындық пәнінің жетекшілері аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің белгіленген уақытта әкелуді т а п с ы р а м ы н (N 3 қ о с ы м ш а) .

5. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының Қызылқоға аудандық бөліміне (Г. Дәулетқалиева - келісім бойынша) тіркелуші азаматтардың бруцеллез ауруынан тазалығын анықтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Аудандық ішкі істер бөліміне (І. Хамзин - келісім бойынша) тіркеу пунктiне және көшеде қоғамдық тәртіпті сақтаудың шараларын алу, белгіленген мерзімде шақыру участкелеріне келмеген адамдарды шұғыл іздестіру және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізу, сондай-ақ азаматтардың тіркеуден жалтару әрекеттерін болдырмау жөнінде аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліммен (Е.Нұров - келісім бойынша) бірлесіп жұмыс жасау ұсынылсын.

7. Осы шешімнің орындалсын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Б.

Ш а х м е т о в к е жү к т е л с і н .

8. Осы шешім алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Рахметқалиев

Аудан

әкімінің

2008

жылғы

29 желтоқсандағы N 35

шешіміне N 1 қосымша

1992 жылы туған азаматтарды әскери есепке тіркеу

комиссиясының құрамы

Нұров Есенбай Сәмекұлы	- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Тұрдағалиев Жәнібек Жауқашұлы	- аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:	
Бисенова Айгүл Өтебалықызы	аудандық емхана дәрігер-невролог (келісім бойынша);
Рысмұқанбетов Қайрат Құбайдоллаұлы	- аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Сүндетбаева Нұрзила Сүндетбайқызы	- аудандық емхана медбибісі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Аудан әкімінің

2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 35

шешіміне N 2 қосымша

Қызылқоға ауданының дәрігерлік комиссиясына қатынасатын дәрігерлер тізімі

N p/c	Аты-жөні	Қызметі	Қосымша
1	Бисенова Айгүл Өтебалықызы	дәрігерлік комиссия төрайымы	
2	Асанова Светлана Ғатаұқызы	дәрігер-стоматолог	
3	Әбділдиева Гүлнар Молдашқызы	дәрігер-дерматовенеролог	
4	Бисенғали Нәби Қойбағарұлы	дәрігер-рентгенолог	
5	Жаңабаева Жанар Амангелдіқызы	дәрігер-терапевт	
5	Елешов Аманжол Түгелбайұлы	дәрігер-оториноларинголог	
		дәрігер-фтизиатр	

6	Көбенова Қарлығаш	дәрігер-невропатолог, п с и х и а т р дәрігер-хирург дәрігер-офтальмолог 6 адам	ауданда жоқ
7	Бағытқызы Қазигүлзира		
8	Нығметқызы Сейфолла		
9	Тайшыбай Саматович		
10	- / / -		
11	Медбибілер		

Аудан әкімінің

2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 35

шешіміне N 3 қосымша

**Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру
пунктіне келу кестесі**

Р/с	Селолық және ауылдық округтер	Саны	Келетін уақыты
1	Миялы селолық округі	45	Қаңтар айы
2	Жангелдин ауылдық округі	18	Қаңтар айы
3	Ойыл ауылдық округі	20	Қаңтар айы
4	Көздіғара ауылдық округі	15	Қаңтар айы
5	Тасшағыл ауылдық округі	22	Қаңтар айы
6	Жамбыл ауылдық округі	27	Қаңтар айы
7	Қызылқоға ауылдық округі	15	Қаңтар айы
8	Сағыз ауылдық округі	60	Қаңтар айы
9	Мұқыр ауылдық округі	30	Қаңтар айы
10	Тайсойған ауылдық округі	9	Қаңтар айы
11	Қосымша	күндер	
	БАРЛЫҒЫ:	- 261	